



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

Жиренов Асқар Асанович*seikhuni.kz@mail.ru*

шығыстану кафедрасының оқытушысы,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана

Құран – мұсылмандардың қасиетті кітабы, Ислам дінінің іргетасы. Құран – араб тілінде «оқу» деген мағына береді. Құранның түсуі алты жүз тоғызыншы жылдың рамазан айында басталып, алты жүз отыз екінші жылдың рәбиуль аууал айында аяқталды. Құранда барлығы жүз он төрт сүре бар. Ал осы сүрелер кітапта ұзын, қысқалығына (көлемі жағынан) қарай орналастырылған. Олар әл-Фатиха сүресінен басталады да, ән-Нас сүресімен аяқталады. Құрандағы ең ұзақ сүре әл-Бақара екі жүз сексен алты аят болса, ең қысқа сүре әл-Каусарда үш аят бар. Құрандағы меккелік сүрелердің нақты саны сексен екі сүре болса, мәдинелік сүрелердің жалпы саны жиырмаға жетеді. Қалған он екі сүре турасында ғалымдардың бірауыздан айтқан үзілді-кесілді пікірлері жоқ.

Алғашқы мағыналық аударма Еуропада 1143 жылдар шамасында Клон монастырында аббаты Петр Ретенсис (кейде оны Кетенсис деп те атайды) ұсынысы бойынша Роберт Кеттонның қолымен латын тіліне аударылды. Бұл аудармаға ат салысқан Херман Дальматийскийдің есімін де тарих беттері тығыз байланыстырады.

Олар Құранның көптеген тұстарын әдейі теріс аударып отырып, кей жерлерінде өз жандарынан да қосып отырғандарын «Ислам. Историографические очерки» туындысының авторы, профессор Е.А.Резван баса айтады. 1209-1210 жылдар шамасында Марк Толедский Құранды тағы да латын тіліне аударып шықты. Роберт және оның көмекшілері түпнұсқадағы 114 сүрені 124-ке жеткізіп, Марк Толедский Құранды түгелдей аударуға тырысқан. Тарихтан оның Ислам дінінде болған не болмағанын біле алмаймыз. Алайда Құран Кәрімнен сілтемелерді, хадистен Пайғамбар (ғ.с.)-ның айтқандарын және мұсылман ғалымдарының пікірлерін өте жақсы келтіріп отырған.

Қайта өрлеу дәуірінен бастап Батыс Еуропада Құран Кәрімді зерттеулер Ретенсис пен Херман Дальматийскийлердің аудармасына сүйеніп отырды. Кейінгі зерттеулердің нәтижесінде XVI ғасырда Еуропада испандық мұсылмандардың Құранды аударған қолжазбаларының фрагменттері табылып, XV-XVI ғасырларда белорус тілінде араб графикасымен татарлар аударған аударманың бар екендігі анықталды. Роберт Ретенсис және Херман Дальматийскийлердің аудармасын италияндық Андреа Арривабене 1547 жылы өз тіліне, 1616 жылы неміс тіліне Еуропада С.Швейггер, белгісіз автор 1641 жылы голланд тіліне аударған. 1530 жылы италияндық Паганини Бриксенсис Құран мәтінін Еуропада алғаш рет басып шығарды. Алайда ол 1557 жылы Рим папасының бұйрығымен бүтіндей жойылып кетеді.

1647 жылы француз ориенталисі Андре Дю Рие (1580-1660) Құранды француз тіліне аударып шықты. Оның аудармасында аздаған ауытқулар кездеседі.

Андре Дю Риенің аудармасы 1688 жылы ағылшын тіліне, біршама уақыттан кейін неміс тіліне аударылды. Орыс тіліне Құран Кәрім, Парижде француз тілінде жарық көрген Андре Дю Риенің аудармасынан аударылып, I Петрдің әмірімен алғаш 1716 жылы Петербургте, белгісіз автордың аударуында жарық көрді. Андре Дю Риенің бұл аудармасын XVII ғасырдың аяғы және XVIII ғасырдың 30-шы жылдары аралығында Падуан университетінің докторы Петр Постников тағы бір рет орыс тіліне аударды. 1787 жылы II Екаторинаның бұйрығымен Ресейде Құранның толық мәтіні жарық көрді. 1790 жылы Андре Дю Риенің аудармасын Қазан гимназиясының бірінші директоры М.И.Веревкин (1732-1795) аударды. 1734 жылы Лондонда жарық көрген Дж.Сэйлдің ағылшынша аудармасын 1792 жылы ақын А.Колмаков аударса, 1864 жылы француз тілінде жарық көрген А.Б.Казимирскийдің аудармасын К.Николаев аударып шықты. XIX ғасырдың 70-жылдары Құранның араб

тіліндегі нұсқасынан орыс тіліне аударылған екі аударма дүниеге келді. Оның алғашқысын генерал Д.Н.Богусловский (1826-1893) 1871 жылы аяқтаса, екіншісі Г.С.Саблуковтың (1804-1880) аударуында 1878 жылы Қазан баспасынан шықты. И.Ю.Крачковскийдің (1883-1951) аудармасы өзі қайтыс болғаннан кейін 1963 жылы жарияланды. 90-жылдары араб тілінен аударылған бірнеше аударма пайда болды. 1993 жылы В.Порохованың, 1995 жылы О.Османованың және 2004 жылы Т.А.Шумовскийдің аудармалары дүниеге келді. 2000 жылы Мысырдағы Аль-Азхар университетінде қасиетті Құран Кәрімнің орыс тіліндегі, шет елде бастырылған бірінші тәпсірі жарық көрді. Сонымен, орыс тіліне Құран 11 рет, оның төртеуі француз тілінен, қалған алтауы түпнұсқа тілінен аударылған. Х.Алтайдың айтуынша Құран Кәрім 60 тілге, 2663 рет аударылған. Бұлар есепке алынғандары, алынбағандары қаншама !

Ал, енді Құран Кәрімнің қазақ тіліне аударылу тарихына тоқталайық.

Құранның толығымен қазақ тіліне қашан аударылғанын анықтау оңай шаруа емес, өйткені қолымызда дәлел бола алатын нақты тарихи дерек жоқ. Х.Алтайдың мағыналық аудармасының алғы сөзінде Қазақ Совет Энциклопедиясынан мынадай деректер келтірілген: “Мұса Бегейұлы 1912 жылы Құранды қазақ тіліне аударды, бірақ ол жарыққа шықпай қолжазба күйінде қалды”.

Аталған еңбектің татар тілінде жазылып, қазіргі уақытта Уфа қаласында сақтаулы екендігін дәлелдей отырып, Х.Алтай өз еңбегін қазақ тіліндегі тұңғыш аударма деп есептейді: Ал, міне тұңғыш рет: “Құран Шәриф. Қазақша мағына және түсінігі” деген атпен осы қысқаша еңбек жарық көріп отыр.

Н.Өсерұлы өзінің “Құран және оның қазақша мағынасы” деген еңбегінің V-бөлімінің соңындағы арнау сөзінде Құранды алғаш тәржімалағаны жөнінде айтады. “Алла тағала нәсіп етіп, Қасиетті Құранды өздеріңізге тәржімалап, алғаш рет жеткізуді бұйырыпты... Әуелі Алла тағала қолдап, қиын да тылсым терең, мұхит мәнді Құранды 1988 жылы аяқтадым”, - деп жазды аудармашы.

Н.Өсерұлы Құранды қазақ тіліне аударуға жиырма жылдай уақытының кеткенін де жасырмайды. Еңбектің алғашқы томдары жарық көрер кезде Истаев Ж.М. аудармашының қасында болып, аудармаға өз үлесін қосқан.

У.Қыдырханұлы өзінің “Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі” атты еңбегінде: “1989 жылы Түркияда Халифа Алтайдың, 1990 жылы Пекинде сол Ақыт қажының ұлы Ғазиздің аудармасы жарық көрді” деген дерек келтірді. Осы жерде Ақытұлы Ғазизбен бірге М.Ақытұлының да аудармаға өз үлесін қосқанын атап өту керек, өйткені Пекиндегі “Ұлттар баспасынан” жарық көрген еңбекте екі аудармашының да есімдері қатар жазылған.

1991 жылы “Жазушы” баспасынан қазақшасы 578 бет, арабшасы 585 бет болып Құран Кәрімнің Р.Нысанбайұлы, У.Қыдырханұлы жасаған қазақша аудармасы жарыққа шықты.

Құранның жинақталу тарихына қысқаша тоқталсақ, алты жүз отыз екінші жылы халифа Әбу Бәкір сүрелерді ретке келтіріп, бір жерге жинақтаған. Алты жүз қырық төрт/644/ пен алты жүз елу алтыншы/656/ жылдар аралығында халифа болған Осман Аффанұлы Құранды толық жинақтап, оның бірнеше нұсқасын Басра, Куфа, Мекке, Дамаск секілді үлкен қалаларға жіберген болатын.

Енді, баспа бетін көрмеген Құран аудармаларына тоқталар болсақ, “олардың кейбірі өртеніп кеткен, екіншілері қолжазба күйінде қалған” деген міліметтерге кездесеміз.

“XX ғасырдың алғашқы жартысында Шығыс Түркістанда өмір сүрген ақын ақыт қажы Үлімжіұлының, ғұлама діндар Әбдірахман қажы бай-Юсуп ұлының аудармалары 1940 жылдары өздерімен бірге өлімге үкім етіліп, өртеліп кетіпті”, деп жазады У.Қыдырханұлы.

Құранның қазақ тіліне ертеректе аударылғаны жайлы “Шырағың мәңгі сөнбесін” деген кітаптан да табуға болады. “...Сол жылдары күйеу баласы Әбдірейім қазақ қажыларымен ілесіп Меккеге барып, атасы Әбдірахманның тілегі бойынша Құран Кәрімнің түрік тіліндегі екі томдығын әкеліп береді (бұл Құранды арабшадан түрік тіліне аударған нұралы Баян деген кісі). Әбдірахман Құран Кәрімді 1937 жылдан бастап түрік тілінен қазақшаға аударуды қолға алып, төрт томдық етіп сегіз жылда бітіреді. Керей еліндегі сыйласы, жазуы көркем Сұлтан Махмұт Харифулинге көшіртіп шығады да ерте күнде Стамбул, Меккеде бірге

болған сабақтасы Алтайдағы Сейітқазы мұғалімнен Қобықтағы Ахмет Бәдіхұттың көруіне береді. Олар бұл аударманың ақаусыз болғанын, көптеген терминдердің баламасын дұрыс тауып аударғанын мойындап, қате жоқ деп тапқан” деген деректерді таптық.

Қолымызда осындай әртүрлі тарихи мәліметтер бар болғанымен, оның растығына дәлел болатын нақты дәйектер, деректер, қолжазбалар болмай отыр, сол себепті осы мәселеде үзілді-кесілді пікір айта алмаймыз.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Х.Алтай. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Медина, 1991.
2. Ғазиз және Мақаш Ақыт ұлдары. Құран Кәрім қазақша аудармасы. (төте жазумен) Пекин. Ұлттар баспасы 1990.
3. М.Меңілбеков. Құран Кәрім ілімдеріне кіріспе. Әл-Баракат баспасы Алматы 2005 .
4. Логос. Таржамат ан-нусус аддиния. Аль ишкалият уал хулул. Оқу-ағарту журналы. Каир 2005 ж.
5. Құран Кәрімді қазақ тіліне аудару мәселелері. (30 пара). Меңілбеков М. Магистрлік диссертация. 2004.
6. У.Қыдырханұлы. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Алматы. Дәуір, 2002.
7. Н.Өсерұлы. Құран және оның қазақша мағынасы. Алматы 2002 ж.
8. Коран и коранистика. // Ислам.Историкографические очерки. Резван Е.А. Москва 1991.
9. Перевод Корана. И.Ю. Крачковский. Издательство Восточной литературы. Москва. 1990.

УДК 008(5-15)«20»

КУЛЬТУРА АРАБСКИХ СТРАН ПЕРСИДСКОГО ЗАЛИВА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ

Жумабаева Асем Маратовна

asemik_92@mail.ru

магистрант факультета международных отношений специальности востоковедения

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

научный руководитель – С.А.Тулеубаева

Народам Арабского Востока принадлежит важное место в истории культуры человечества. Не случайно средневековые географы называли Арабский Восток центром мира: здесь в течение многих столетий билось сердце мировой цивилизации. Арабская средневековая культура развивалась в Аравии, Ираке, Сирии, Палестине, Египте и Северной Африке, а также на территории Южной Испании в период существования там Кордовского халифата и арабских княжеств. Эта культура в свое время стала важным шагом вперед в прогрессивном развитии человечества. Большая заслуга народов Арабского Востока заключалась и в том, что они сохранили и передали последующим поколениям многие ценные достижения античности в области философии, географии, медицины, астрономии, логики и др.

Культура народов, населявших Аравийский полуостров, известна с глубокой древности. Античные географы называли южную, земледельческую Аравию «счастливой». Здесь с середины первого тысячелетия до нашей эры существовали богатые государства: Минейское, а позднее Сабейское. В первом тысячелетии до нашей эры в северо-западной части полуострова (так называемой «каменистой» Аравии) возникло государство набатеев. Процветание этих царств, а позднее и тех современных государств, которые сформировались на этой территории, определялось выгодным экономическим и географическим положением на мировых путях сообщения и обширной посреднической торговлей с Египтом, Передней Азией, Индией, а также с некоторыми странами Европы.